КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 25 шілде №7119-23-00-2/7944 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев,
хатшылықта А. К. Кангужинаның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «МЕДИНТОРГ РК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2. Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП АРЫЗ БОЙНЫША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековна

ҚАРСЫ ТАЛАП АРЫЗ БОЙНЫША ЖАУАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ҚАРСЫ ТАЛАП ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Шартты бұзуды жарамсыз деп тану және бастапқыда болған жағдайды қалпына келтіру.
Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға міндеттеу және тауарды қабылдау

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Бакишев А. Б., 30.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өкілі - Т. А. Сағынтай
Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» -ң өкілі - Е. В. Черновасиленко
Аудармашы Ахметова Б.
Прокурор Р. Т. Байзульдинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК мен
1) «МЕДИНТОРГ РК» ЖШС (бұдан әрі – жауапкер 1) арасында жасалған 28.02.2023 ж. № 678 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес Жауапкер Талапкерге жалпы сомасы 198000 теңгеге;
2) «MedExpertPro» ЖК (бұдан әрі – жауапкер 2) арасында жасалған 13.04.2023 ж. №1060 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес Жауапкер Талапкерге жалпы сомасы 12 299 970 теңгеге тауар жеткізуге міндеттенеді.

Шарттың 4.6-тармағына сәйкес Талапкердің жазбаша өтінімі бойынша 16 (он алты) күнтізбелік күн ішінде тауар жеткізіледі және қызмет көрсетіледі.

Талап қоюшы талап арызында, келісім журналына сәйкес талапкер жауапкерлерге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жазбаша өтінімдер жіберді:
1) «МЕДИНТОРГ РК» ЖШС-ге 198000 теңге сомасына тауарды жеткізуге 10.04.2023 ж. № 147 өтінім берілді. Жауапкер тауарды жеткізбеді.
2) «MedExpertPro» ЖК-ге 12 299 970 теңгеге тауарды жеткізуге 19.04.2023 ж. 179 өтінім берілді. Жауапкер тауарды жеткізбеді деп көрсеткен.

Осыған байланысты жауапкерлер тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс. Тұрақсыздық айыбы келесі есептеулерден тұрады:
1) «МЕДИНТОРГ РК» ЖШС
а) орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасы: 198000 теңге;
б) 198000 *0,1%*26 күн міндеттемелерді бұзу (2023 жылғы 27 сәуір – 22 мамыр аралығында)= 5148 теңге;
2) «MedExpertPro» ЖК
а) орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасы: 12 299 970 теңге;
б) 12 299 970 *0,1%*17 күн міндеттемелерді бұзу (2023 жылғы 06-22 мамыр аралығында)= 209099 теңге;

Соттан «МЕДИНТОРГ РК» ЖШС, «MedExpertPro» ЖК-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, «МЕДИНТОРГ РК» ЖШС-ден «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК пайдасына 5148 теңге тұрақсыздық айыбын, 154 теңге сомасында мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығынды өндіріп алуды, «MedExpertPro» ЖК-ден «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы»

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Бакишев А. Б., 30.10.2023
7119-23-3-6/551

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЖҚ РМК пайдасына 209099 теңге тұрақсыздық айыбын, 6273 теңге сомасында мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығынды өндіріп алуды сұрайды.

Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековна қарсы талап арызында тауарды кідіріспен жеткізілген, кідіріс дәл Украинадағы соғыс
жағдайынан және осы фонда логистиканың кешігуінен туындайды. Олар Тапсырыс берушіге кепілдік хаттар жаздық, келісімшартты бұзбауды сұрап, тауар кедендік тазартудан өтіп жатыр және келесі күні Тапсырыс берушіге келеді, біздің кешіктіруге кінәміз жоқ. Өнім сапалы және техникалық сипаттамаға толық сәйкес келеді деп көрсетіп, соттан шартты бұзуды жарамсыз деп тану және бастапқыда болған жағдайды қалпына келтіру, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға міндеттеу және тауарды қабылдауды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады, қарсы талап арызға қарсылығын көрсетті.

Сот отырысында жауапкер жеке кәсіпкер «MedExpertPro»-ның өкілі талап қою арызбен келіспей, қарсы талап арызың қанағаттандыруды сұрады.

Жаупкер МЕДИНТОРГ РК» ЖШС сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, бірақ, сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот АПК-нің 196 -бабының 4 - тармақшасын басшылыққа ала отырып, істі үшінші тұлғанің келмей қалу себептерін негізсіз деп санап, қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор сот отырысында талап қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 28 ақпанда сәуірде талапқоюшымен және жауапкер 1 арасында шарт жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Бакишев А. Б., 30.10.2023
7119-23-3-6/551

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2023 жылғы 13 сәуір 2023 сәуірде талапқоюшымен және жауапкер 2 арасында шарт жасалған.

Талап арызда жаупкерлер шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан анықталды, жауапкерлер шарттардың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында жауапкерлер шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша жаупкер 1-ден 5148 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын, жаупкер 2-ден 209099 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттардың 7.4 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Сонымен қатар, ЖК әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековнаның қарсы талап арызы жоғарыда көрсетілег негізінде қанағатыруға жатпайды, көрсетілген қарсы талап арызында тауарды кідіріспен жеткізілген, кідіріс дәл Украинадағы соғыс жағдайынан және осы фонда логистиканың кешігуінен туындайды деген мәң-жайларға дәлелдер бермеді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Бакишев А. Б., 30.10.2023

7119-23-3-6/551

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «МЕДИНТОРГ РК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «МЕДИНТОРГ РК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 5148 (бес мың жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 154 (жүз елу төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюшы Жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековнадан мемлекет кірісіне 209099 (екі жүз тоғыз мың тоқсан тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 6273 (алты мың екі жүз жетпіс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы жеке кәсіпкер «MedExpertPro» Усубалиева Аида Эрмековнаның қарсы талап арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.Б.Бакишев**

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Бакишев А. Б., 30.10.2023

7119-23-3-6/551